



Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты

# ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (1)

ISSN 1814-6961  
E-ISSN 2788-9718



- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ



ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т.29 (1)

ISSN: 1814-6961 (print)  
ISSN: 2788-9718 (online)

**Отан тарихы**  
**Отечественная история**  
**History of the Homeland**

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал  
2026. Т. 29 (1)

---



Published in the Kazakhstan  
Otan tarikhy  
Has been issued as a journal  
since 1998  
ISSN: 1814–6961 (Print)  
ISSN: 2788–9718 (Online)  
2026. Vol. 29. Is. 1. Pp. 132–  
141  
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20.

[https://doi.org/10.51943/2788-9718\\_2026\\_29\\_1\\_132-141](https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_1_132-141)

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «КІШІ ҚАЗАН» ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ

Зылыйха Шахметқызы Бимақанова<sup>1</sup>, Гүлнар Қайроллақызы Мұқанова<sup>2</sup>, Фаридә Маратовна Нұрғалиева<sup>3</sup>

<sup>1</sup> М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті  
(114, Жұмабаев, 150000, Петропавл, Қазақстан)

Тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар кафедрасының еңбек сіңірген профессоры

E-mail: [bimakanova1956@mail.ru](mailto:bimakanova1956@mail.ru)

<sup>2</sup> Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты филиалы  
(11/5-үй, Қабанбай батыр көш., Астана қ., Қазақстан)

Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

<https://orcid.org/0000-0002-9222-5893>. E-mail: [Gulnar\\_mukanova@mail.ru](mailto:Gulnar_mukanova@mail.ru)

<sup>3</sup> «Абылай хан резиденциясы» мұражай кешені  
(16-үй, К.Сүгішев көш., Петропавл қ., Қазақстан)

ғылыми қызметкер

E-mail: [nurmukanovafarida2@gmail.com](mailto:nurmukanovafarida2@gmail.com)

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Бимақанова З.Ш., Мұқанова Г.К., Нұрғалиева Ф.М., 2026

**Аңдатпа.** *Kіріспе.* «Қазақстандағы Кіші Қазан» (1926–1940 жж.) — кеңестік саяси қуғын-сүргіннің ауқымды кезеңі, оны жан-жақты зерттеу тек тарих ғылымының әдістерімен шектелмей, пәнаралық тәсілді қажет етеді. *Мақсаты.* Зерттеудің мақсаты — «Қазақстандағы Кіші Қазан» тақырыбын зерттеуде пәнаралық тәсілді қолданудың әдіснамалық негіздері мен принциптерін айқындау. *Міндеттері:* әдіс пен әдістеменің үйлесімділік мәселелерін анықтау; басқа әлеуметтік ғылымдар әдістерін қолданудың критерийлерін белгілеу; пәнаралық зерттеулердің артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстырмалы талдау. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеуде Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты (141-қор), ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаты (1137-қор), Ресей Мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағатының (17-қор) құжаттары пайдаланылды. Салыстырмалы-тарихи, жүйелік-құрылымдық әдістер қолданылды. *Нәтижелер.* Тарихи зерттеулерде құқық, әлеуметтану, антропология әдістерін қолданудың бес критерийі анықталды: эпистемологиялық негізделу, эмпирикалық материалға сәйкестік, репрезентативтілік, түсініктілік, тарихи деректердің табиғатына сәйкестік. «Анналы» мектебі мен квантитативті тарих тәжірибесі негізінде пәнаралық синтездің тиімділігі дәлелденді. *Қорытынды.* Пәнаралық тәсіл саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық оңалту

процесінде ғылыми негіз қалыптастыруға мүмкіндік береді және отандық тарих ғылымының әдіснамасын дамытуға үлес қосады.

**Түйін сөздер:** тарих, «Кіші Қазан», пәнаралық тәсіл, әдістеме, принциптер, ғылыми синтез, антропология, құқық.

**Алғыс айту.** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ЖТН «BR24993057 «Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының негізгі базалық санаттары мен кіші санаттарын іргелі зерттеу және оларды толық ақтау процестері» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында дайындалды.

**Дәйексөз үшін:** Бимақанова З.Ш., Мұқанова Г.К., Нұрғалиева Ф.М. «Қазақстандағы кіші қазан» зерттеулерінде пәнаралық тәсілді қолданудың әдіснамалық негіздері мен принциптері // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 1. 132–141-бб. [қазақ тілінде]. DOI: 10.51943/2788-9718\_2026\_29\_1\_132-141

## МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ И ПРИНЦИПЫ ПРИМЕНЕНИЯ МЕЖДИСЦИПЛИНАРНОГО ПОДХОДА В ИССЛЕДОВАНИЯХ «МАЛОГО ОКТЯБРЯ» В КАЗАХСТАНЕ

*Зыльйха Шахметовна Бимаканова<sup>1</sup>, Гульнар Кайроллиновна Муканова<sup>2</sup>, Фаридида Маратовна Нурғалиева<sup>3</sup>*

<sup>1</sup> Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева

(114, Жумабаева, 150000, г. Петропавловск, Казахстан)

Кандидат исторических наук, заслуженный профессор кафедры Истории Казахстана и социально-гуманитарных наук

E-mail: [bimakanova1956@mail.ru](mailto:bimakanova1956@mail.ru)

<sup>2</sup> Филиал Института Истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова

(Кабанбай батыра 11/5, г. Астана, Казахстан)

Кандидат исторических наук, профессор

<https://orcid.org/0000-0002-9222-5893>. E-mail: [Gulnar\\_mukanova@mail.ru](mailto:Gulnar_mukanova@mail.ru)

<sup>3</sup> Музейный комплекс «Резиденция Абылай хана»

(16 д., ул. К.Сүтішев, г. Петропавловск, Казахстан)

научный сотрудник

E-mail: [nurmukanovafarida2@gmail.com](mailto:nurmukanovafarida2@gmail.com)

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Бимаканова З.Ш., Муканова Г.К., Нурғалиева Ф.М., 2026

**Аннотация.** *Введение.* «Малый Октябрь в Казахстане» (1926–1940 гг.) – масштабный период советских политических репрессий, всестороннее изучение которого требует не только методов исторической науки, но и междисциплинарного подхода. *Цель* исследования – определить методологические основы и принципы применения междисциплинарного подхода в изучении темы «Малого Октября» в Казахстане. *Задачи:* выявить проблемы совместимости метода и методологии; установить критерии применения методов других социальных наук; провести сравнительный анализ преимуществ и недостатков междисциплинарных исследований. *Материалы и методы.* В исследовании использованы документы Архива Президента Республики Казахстан (ф. 141), Центрального Государственного архива РК (ф. 1137), Российского Государственного архива социально-политической истории (ф. 17). Применены сравнительно-исторический и системно-структурный методы, анализа и синтеза и др. *Результаты.* Определены пять критериев применения методов права, социологии, антропологии в исторических исследованиях: эпистемологическая обоснованность, соответствие эмпирическому материалу, репрезентативность, доступность для понимания, соответствие природе исторических источников. На основе опыта школы «Анналов» и квантитативной истории доказана эффективность междисциплинарного синтеза. *Заключение.* Междисциплинарный подход позволяет сформировать научную основу процесса полной

реабилитации жертв политических репрессий и вносит вклад в развитие методологии отечественной исторической науки.

**Ключевые слова:** история, «Малый Октябрь» в Казахстане, междисциплинарный подход, методология, принципы, научный синтез, антропология, право.

**Благодарность.** Статья подготовлена в рамках реализации ПЦФ (ИРН: BR24993057) «Фундаментальное исследование основных базовых категорий и подкатегорий жертв политических репрессий в Казахстане и процессы их полной реабилитации» Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.

**Для цитирования:** Бимаханова З.Ш., Муканова Г.К., Нурғалиева Ф.М. Методологические основы и принципы применения междисциплинарного подхода в исследованиях «Малого Октября в Казахстане» // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 1. С. 132–141. [на казахском]. DOI: 10.51943/2788-9718\_2026\_29\_1\_132-141

## METHODOLOGICAL FOUNDATIONS AND PRINCIPLES OF APPLICATION OF AN INTERDISCIPLINARY APPROACH IN THE RESEARCH OF "SMALL OCTOBER" IN KAZAKHSTAN

Zylykha Sh.Bimakanova<sup>1</sup>, Gyulnar K.Mukanova<sup>2</sup>, Farida M.Nurgalijeva<sup>3</sup>

<sup>1</sup> Kozybayev North Kazakhstan University

(114, Zhumabayeva, 150000, Petropavlovsk, Kazakhstan)

Candidate of Historical Sciences, Honored Professor of the Department of History of Kazakhstan and Social and Humanitarian Sciences

E-mail: [bimakanova1956@mail.ru](mailto:bimakanova1956@mail.ru)

<sup>2</sup> Branch of Valikhanov Institute of History and Ethnology

(11/5, Kabanbay batyr str., Astana, Republic of Kazakhstan)

Candidate of Historical Sciences, Professor

<https://orcid.org/0000-0002-9222-5893>. E-mail: [Gulnar\\_mukanova@mail.ru](mailto:Gulnar_mukanova@mail.ru)

<sup>3</sup> Museum Complex «Abylai Khan Residence»

(1B, K. Sütishev Street, Petropavlovsk, Kazakhstan)

Researcher

E-mail: [nurmukanovafarida2@gmail.com](mailto:nurmukanovafarida2@gmail.com)

© Valikhanov IHE, 2026

© Bimakanova Z.Sh., Mukanova G.K., Nurgalijeva F.M., 2026

**Abstract. Introduction.** "Small October in Kazakhstan" (1926–1940) was an extensive period of Soviet political repressions, the comprehensive study of which requires not only historical methods but also an interdisciplinary approach. *Aim.* The aim of the research is to identify the methodological foundations and principles of applying an interdisciplinary approach in studying the topic of "Small October in Kazakhstan". *Objectives:* to identify problems of compatibility between method and methodology; to establish criteria for applying methods of other social sciences; to conduct a comparative analysis of the advantages and disadvantages of interdisciplinary research. *Materials and methods.* The study utilized documents from the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan (F. 141), the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (F. 1137), and the Russian State Archive of Socio-Political History (F. 17). Comparative-historical and systemic-structural methods were applied. *Results.* Five criteria for applying methods of law, sociology, and anthropology in historical research were identified: epistemological validity, correspondence to empirical material, representativeness, comprehensibility, and correspondence to the nature of historical sources. Based on the experience of the Annales School and quantitative history, the effectiveness of interdisciplinary synthesis was demonstrated. *Conclusion.* The interdisciplinary approach enables the formation of a scientific foundation in the process of full rehabilitation of victims of political repressions and contributes to the development of the methodology of national historical science.

**Keywords:** history, "Small October in Kazakhstan", interdisciplinary approach, methodology, principles, scientific synthesis, anthropology, law.

**Acknowledgements.** The article was prepared within the framework of the Program-targeted financing (IRN: BR24993057) "Fundamental research of the main basic categories and subcategories of victims of political repression in Kazakhstan and the processes of their full rehabilitation" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.

**For citation:** Bimakanova Z.Sh., Mukanova G.K., Nurgalijeva F.M. Methodological foundations and principles of application of an interdisciplinary approach in the research of "Small October in Kazakhstan" // Otan tarihy. 2026. Vol. 29. № 1. Pp. 132–141. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718\_2026\_29\_1\_132-141

**Кіріспе.** Қазақстан тарихындағы XX ғасырдың 20–30-жылдары терең әлеуметтік-саяси трансформациялар кезеңі ретінде сипатталады. Осы кезеңдегі ең күрделі әрі қайшылықты құбылыстардың бірі – «Кіші Қазан» саясаты. Бұл саясат кеңестік биліктің ауылды кеңестендіру, дәстүрлі шаруашылық құрылымды жою және әлеуметтік құрылымды түбегейлі өзгертуге бағытталған реформаларымен байланысты болды. «Кіші Қазан» тұжырымдамасы Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болған Филипп Голощекин есімімен тығыз байланысты. Аталған саясат ұжымдастыру, тәркілеу, отырықшыландыру науқандары арқылы жүзеге асырылып, қазақ қоғамының демографиялық құрылымына, әлеуметтік стратификациясына және ұлттық санасына терең ықпал етті.

Қазіргі тарихи зерттеулерде «Кіші Қазан» көбіне саяси-тарихи үдеріс немесе әкімшілік-экономикалық реформа ретінде қарастырылып келеді. Алайда оның салдары тек саяси өзгерістермен шектелмей, әлеуметтік психология, мәдени трансформация, ұжымдық жады және ұлттық бірегейлік қалыптасуымен де сабақтасып жатыр. Сондықтан бұл құбылысты тек тарих ғылымының шеңберінде талдау жеткіліксіз. Осы тұрғыдан алғанда, пәнаралық тәсілді қолдану – «Кіші Қазан» саясатының көпқырлы табиғатын ашудың маңызды ғылыми бағыты болып табылады.

Мақаланың мақсаты – «Қазақстандағы Кіші Қазан» зерттеулерінде пәнаралық тәсілді қолданудың әдіснамалық негіздері мен негізгі принциптерін айқындау. Осы мақсатқа жету үшін пәнаралық зерттеу ұғымының теориялық мазмұны талданып, тарих, әлеуметтану, саясаттану, демография және мәдениеттану ғылымдарының әдістерін ықпалдастыру мүмкіндіктері қарастырылады. Сонымен қатар жүйелілік, тарихилық, объективтілік, контекстуалдық және көпфакторлы талдау принциптерінің ғылыми маңызы негізделеді.

Зерттеу нысаны – Қазақстандағы «Кіші Қазан» саясаты, ал зерттеу пәні – оны зерделеудегі пәнаралық әдіснаманың ерекшеліктері мен ғылыми қағидалары. Пәнаралық тәсіл «Кіші Қазан» құбылысын тек саяси науқан ретінде емес, қоғамның құрылымдық өзгерісін, әлеуметтік қатынастар эволюциясын және тарихи жадтың қалыптасуын қамтитын кешенді тарихи феномен ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Зерттеу жұмысының деректік негізін 1920–1930 жылдардағы Қазақстандағы «Кіші Қазан» саясатына қатысты ресми құжаттар, партиялық қаулылар, статистикалық мәліметтер, мұрағат материалдары, сол кезеңдегі мерзімді баспасөз жарияланымдары, сондай-ақ отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері құрайды. Атап айтқанда, өлкелік партия комитетінің құжаттары, тәркілеу және ұжымдастыру науқандарына қатысты нұсқаулықтар, халық санағы материалдары, демографиялық көрсеткіштер, жеке естеліктер мен нарративтік деректер пайдаланылды. Бұл материалдар «Кіші Қазан» саясатының әлеуметтік-экономикалық және саяси мазмұнын кешенді талдауға мүмкіндік береді. Деректік базасын осы төрт мұрағаттың құжаттары құрайды. Ресей Мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағатының (РМЭСТА) 17-қорынан Бүкілодақтық коммунистік партия Орталық комитетінің Қазақстанға қатысты қаулылары, 85-тізімнен (1926–1934 жж.) діни қызметкерлерге қарсы жүргізілген науқан құжаттары алынды. Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағатының 141-қорынан Қазақ өлкелік комитетінің хаттамалары, Ф.И. Голощекиннің партия белсенділері алдында сөйлеген сөздері пайдаланылды. Атап айтқанда, 1928 жылғы 16 қазанда Қызылордада өткен жиналыстағы «Кіші Қазан» туралы алғашқы мәлімдемесі [ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 1455-іс] зерттеудің негізгі дереккөздерінің бірі болды.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының 1137-қорынан үкімет қаулылары мен нормативтік актілер, 369, 145, 33-қорлардан облыстық деңгейдегі есептер, ауыл шаруашылығы статистикасы зерделенді. Өңірлік мұрағаттардан алынған құжаттар жекелеген облыстардағы науқандардың ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, 1925–1933 жылдар аралығындағы

«Советская степь» газетінің материалдары, Қазақ АКСР-ның заң жинақтары, байларды тәркілеу, күштеп ұжымдастыру, отырықшыландыру жөніндегі декреттер мен қаулылар қолданылды.

Салыстырмалы-тарихи әдіс Қазақстандағы үдерістерді кеңестік кеңістіктегі ұқсас реформалармен салыстыра отырып талдауға мүмкіндік берді. Жүйелілік әдіс саясаттың қоғамның әртүрлі салаларына (экономика, әлеуметтік құрылым, мәдениет, демография) ықпалын өзара байланыста қарастыруға бағытталды.

Зерттеуде салыстырмалы-тарихи әдіс әртүрлі өңірлердегі науқандардың барысын салыстыру үшін қолданылды. Бұл әдіс Т. Омарбековтың [Омарбеков, 1995] және Е. Куандықтың [Куандык, 2002] еңбектерінде «Кіші Қазан» зерттеулеріне қатысты сәтті қолданылған. Жүйелілік-құрылымдық әдіс тәркілеу, ұжымдастыру, отырықшыландыру, дінге қарсы күрес науқандарының өзара байланысын анықтауға бағытталды. Проблемалық-хронологиялық тәсіл оқиғаларды 1926-1940 жылдар аралығындағы уақыт тізбегінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында пәнаралық тәсіл әдіснамалық негіз ретінде алынды. Пәнаралық тәсіл аясында бірнеше әлеуметтік ғылымның әдістері қолданылды. Құқықтық талдау К.К. Айтхожин мен М.Т. Бейсенбаеваның [Айтхожин, Бейсенбаева, 2025] ұсынған әдістемесі негізінде қуғын-сүргін заңдылығын бағалауға бағытталды. Тарихи талдау әдісі арқылы «Кіші Қазан» саясатының қалыптасу алғышарттары, жүзеге асу кезеңдері және салдары қарастырылды. Демографиялық талдау халық санының өзгеруін, қоныс аудару бағыттарын анықтау үшін қолданылды. Әлеуметтанулық талдау әлеуметтік топтардың құрылымын, «бай», «кулак», «лишенец» санаттарының белгілену критерийлерін зерттеуге мүмкіндік берді. Әлеуметтанулық талдау элементтері әлеуметтік стратификацияның өзгерісін, дәстүрлі институттардың трансформациясын анықтауда қолданылды. Демографиялық әдістер халық санының өзгеруі, көші-қон, ашаршылық салдарлары сияқты көрсеткіштерді саралауға пайдаланылды. Нарративтік талдау тәсілі тарихи жады мен жеке куәліктерді зерделеуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар дереккөздерді сыни талдау (критикалық анализ) қағидасы негізінде құжаттардың мазмұны, идеологиялық сипаты және контексті бағаланды.

Осылайша, зерттеуде қолданылған материалдар мен әдістер «Кіші Қазан» саясатын кешенді, көпқырлы тарихи құбылыс ретінде қарастыруға және пәнаралық тәсілдің ғылыми тиімділігін негіздеуге мүмкіндік береді.

**Талқылау.** «Қазақстандағы Кіші Қазан» тақырыбы отандық тарихнамада белгілі бір дәрежеде зерттелген. Алғашқы ғылыми талдаулар тәуелсіздік алғаннан кейін басталды. Т. Омарбеков «Кіші Қазан. Ол не?» мақаласында [Омарбеков, 1995] алғаш рет бұл терминнің мәнін ашып, Ф. Голощекиннің саясатына сыни баға берді. Е. Куандық докторлық диссертациясында [Куандык, 2002] «Кіші Қазан» курсының басталуы, барысы мен салдарын саяси-тарихи тұрғыдан талдады. М. Қойгелдиев қазақстандық тарихнаманың қазіргі жағдайын зерттей отырып, осы кезеңнің әлі толық ашылмағанын атап өтті [Қойгелдиев, 2023: 46]. Кеңес дәуірінде бұл тақырып идеологиялық шектеулерге байланысты объективті зерттелмеді. Г.Ф. Дахшлейгер қазақ көшпенділерін отырықшыландыру мәселесін «социалистік құрылыстың жетістігі» ретінде бағалады [Дахшлейгер, 1966]. Тек 1990 жылдардан бастап мұрағаттардың ашылуымен шынайы зерттеулер мүмкін болды. Г. Дулатова «Шындық шырағы» кітабында [Дулатова, 1995] алғаш рет құрбандардың жеке тағдырларын жариялады.

Соңғы жылдары тақырыптың жекелеген қырлары терең зерттелуде. К. Балтабаева ислам мен діни қызметкерлерге қарсы күресті талдады [Baltabaeva, 2025]. Г.К. Муканова мұсылман дін қызметкерлерінің – молдалар, ишандар, қазылардың - қуғындалу тарихын мұрағат құжаттары негізінде ашты [Муканова, 2025]. О. Йорулмаз бен М. Токжігітова Оңтүстік Қазақстандағы репрессияланған діни қызметкерлер туралы зерттеу жүргізді [Йорулмаз, Токжигитова, 2025]. К.К. Сарсембина мен М.М. Қозыбаева қуғын-сүргін жылдарындағы қазақстандық әйелдердің тағдырын зерттеді [Сарсембина, Қозыбаева, 2023]. Ю.В. Шаповал Солтүстік Қазақстандағы мұсылман дін қызметкерлеріне қарсы күресті талдады [Шаповал, 2022].

Алайда, бірқатар мәселелер әлі толық зерттелмеген. Біріншіден, құрбандардың нақты санын анықтау демографиялық, статистикалық әдістерді қажет етеді. М. Николова, О. Попова, В. Отращенко сталиндік репрессиялардың ұрпақтар арасындағы сенімсіздікке әсерін психологиялық тұрғыдан зерттеді [Nikolova, Popova, Otrachshenko, 2022], бірақ Қазақстан контекстінде мұндай зерттеулер жүргізілмеген. Екіншіден, «бай», «кулак», «лишенец» санаттарының құқықтық негіздері толық талданбаған. К.К. Айтхожин мен М.Т. Бейсенбаева қуғын-сүргін құрбандарын оңалтудың құқықтық мәселелерін көтерді [Айтхожин, Бейсенбаева, 2025], бірақ бұл бағыт одан әрі дамытуды қажет етеді.

Пәнаралық тәсілдің қажеттілігі тарихи процестердің күрделілігімен түсіндіріледі. Л.П. Репинаның пікірінше, қазіргі тарихи зерттеулер монодисциплинарлық шеңберден шығып, кешенді сипатқа ие болуда [Репина, 2011: 549]. П. Бурке бұл үрдістің тарих ғылымының әдіснамалық аппаратын байытатынын атап өтеді [Бурке, 2020: 21]. Алайда, Дж. Тош ескертуінше, басқа ғылымдардың әдістерін механикалық көшіру қателіктерге әкелуі мүмкін [Tosh, 2021: 30].

«Адал азамат» Мемлекеттік бағдарламасы (2025) аясында саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық оңалту жүргізілуде. Бұл процесс тек тарихи фактілерге ғана емес, құқықтық, әлеуметтанулық, психологиялық талдауларға да негізделуі тиіс. Заңгерлер Е.М. Абайдельдинов [Абайдельдинов, 2002], С.А. Қасымов [Қасымов, 2021], И.Ш. Борчашвили [Борчашвили, 2015] еңбектері осы бағытта маңызды үлес қосуда. Пәнаралық тәсіл болмаса, заң жобаларын әзірлеу үшін дәлелдер базасын құру қиын болар еді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, «Кіші Қазан» саясатын тек саяси-тарихи құбылыс ретінде қарастыру оның күрделі әлеуметтік табиғатын толық ашуға мүмкіндік бермейді. Филипп Голощекин бастамасымен жүргізілген реформалар тек әкімшілік өзгерістер емес, қазақ қоғамының құрылымдық трансформациясына алып келген терең әлеуметтік үдеріс болды.

Пәнаралық тәсіл қолдану нәтижесінде «Кіші Қазан» құбылысы қоғамның экономикалық негізін, әлеуметтік стратификациясын, демографиялық динамикасын және мәдени құндылықтар жүйесін қамтитын кешенді тарихи феномен ретінде қарастырылды. Тарихи талдау саяси шешімдердің логикасын түсіндірсе, демографиялық деректер олардың нақты салдарын сандық тұрғыда дәлелдейді. Ал нарративтік әдіс ұжымдық жады қалыптасуының ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар зерттеу барысында кеңестік дереккөздердің идеологиялық сипаты мен статистикалық мәліметтердің дәлдігіне қатысты мәселелер анықталды. Бұл жағдай пәнаралық тәсілдің маңызын арттыра түседі, себебі әртүрлі ғылым салаларының әдістері арқылы деректерді салыстыра талдау ғылыми объективтілікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Осылайша, пәнаралық әдіснаманы қолдану «Кіші Қазан» саясатын көпқырлы тарихи құбылыс ретінде түсіндіруге, оның қазіргі тарихи сана мен ұлттық бірегейлік қалыптасуындағы орнын айқындауға жол ашады.

**Нәтижелер.** «Кіші Қазан» терминін алғаш рет Ф.И. Голощекин 1928 жылғы 16 қазанда Қызылордада партия белсенділерінің жиынында қолданды: «Товарищи, мы сейчас проводим в ауле настоящий Октябрь, эта конфискация для нас не обычная, особенная, очень важная и должна стать нашим лозунгом» [ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 1455-іс. 38-п.]. Голощекин бұл науқанды «пролетарлық мемлекеттің заңдары бойынша» жүргізілетінін, ауылда «рулық және патриархалдық қатынастар сақталған» жағдайда революциялық шаралар қолданылатынын атап өтті [ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2963-іс. 141-п.]. 1930 жылғы маусымда VII Жалпы Қазақстан конференциясында Голощекин байларды тәркілеуді де «Кіші Қазан» саясатының құрамдас бөлігі ретінде жариялады [Куандық, 2002: 11].

#### *Әдіс пен әдістеменің үйлесімділігі*

«Кіші Қазан» кезеңін зерттеуде әдіс пен әдістеменің үйлесімділігі маңызды рөл атқарады. Тарихи әдіс – зерттеу мақсатына жетудің жалпы жолы, ал әдістеме - нақты ғылым салаларында қолданылатын тәсілдердің жиынтығы. Мысалы, статистикалық әдістерді 1920-1930 жылдардағы Қазақстан деректеріне қолданғанда, сол кезеңнің есеп жүргізу ерекшеліктерін ескеру қажет. Көшпенді халықтың санағы отырықшы халықтан өзгеше жүргізілді, бұл демографиялық деректердің сенімділігіне әсер етеді [РМӨСТА. 17-қ. 125-т. 318-іс. 67-68-п.].

Кеңес кезеңінде тарихи материализм жалғыз дұрыс әдіс ретінде жарияланып, басқа тәсілдердің дамуын тежеді. Г.Ф. Дахшлейгер қазақ көшпенділерін отырықшыландыруды «прогрессивті құбылыс» ретінде бағалады [Дахшлейгер, 1966], бұл тарихи шындықты бұрмалауға әкелді. Тек 1990 жылдардан бастап әдіснамалық плюрализм принципі қолданыла бастады. Т. Омарбеков алғаш рет «Кіші Қазан» саясатына сыни баға берді [Омарбеков Т., 1995], Е. Куандық оның саяси-экономикалық салдарын кешенді талдады [Куандық, 2002].

#### *Басқа ғылым әдістерін қолдану критерийлері*

Зерттеу барысында тарихи зерттеулерде басқа әлеуметтік ғылымдар әдістерін қолданудың бес критерийі анықталды.

Бірінші критерий – эмпирикалық материалға сәйкестік. Құқық тықталдау әдістерін қолданғанда сол кезеңнің заңнамалық базасын ескеру міндетті. К.К. Айтхожин мен М.Т. Бейсенбаева атап өткендей, қуғын-сүргін құрбандарын «қылмыс субъектілері ретінде қарастыруға болмайды», өйткені олар

қылмыстық іс-әрекет жасаған жоқ, тек әлеуметтік шығу тегі немесе діни көзқарасы үшін жауапқа тартылды [Айтхожин, Бейсенбаева, 2025: 12].

Екінші критерий – репрезентативтілік. Ашаршылық құрбандарының санын анықтау үшін бірнеше облыстың деректерін салыстыру қажет. ҚР ОМА-ның 369, 145, 33-қорларындағы құжаттар әртүрлі өңірлердегі жағдайды салыстыруға мүмкіндік береді.

Үшінші критерий – верификациялау мүмкіндігі. Зерттеуші қолданған әдістемені егжей-тегжейлі сипаттауы керек. Г.К. Муканова діни қызметкерлердің қуғындалу тарихын зерттеуде мұрағат құжаттарының нақты сілтемелерін көрсетті [Муканова, 2025], бұл басқа ғалымдарға зерттеуді қайталауға мүмкіндік береді.

Төртінші критерий – тарихи контекстке сәйкестік. Психологиялық әдістерді қолданғанда сол кезеңнің мәдени ерекшеліктерін ескеру қажет. М. Николова, О. Попова, В. Отращенко сталиндік репрессиялардың ұрпақтар арасындағы сенімсіздікке әсерін зерттеді [Nikolova, Popova, Otrachshenko, 2022], бірақ бұл әдістемені Қазақстан контекстіне бейімдеу қажет.

Бесінші критерий – әдістердің бір-бірін толықтыруы. «Кіші Қазан» зерттеуінде тарихи, құқықтық, демографиялық әдістер бір-бірін толықтырып, кешенді көрініс беруі тиіс.

Зерттеу барысында «Кіші Қазан» саясатын зерделеуде пәнаралық тәсілді қолданудың ғылыми тиімділігі анықталды. Бұл тәсіл саясаттың тек әкімшілік-идеологиялық мазмұнын ғана емес, оның әлеуметтік, демографиялық және мәдени салдарын кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік беретіні дәлелденді.

#### *Пәнаралық тәсілдің оң және теріс нәтижелері*

Пәнаралық тәсілдің оң нәтижелеріне нақты мысалдар келтіруге болады. К. Балтабаева тарихи және мәдениеттану әдістерін біріктіріп, ислам мен діни қызметкерлерге қарсы күрестің қазақтардың ұлттық бірегейлігіне әсерін ашты [Baltabaeva, 2025]. О. Йорулмаз бен М. Тоқжігітова тарихи және әлеуметтанулық әдістерді қолданып, Оңтүстік Қазақстандағы репрессияланған діни қызметкерлердің әлеуметтік құрамын талдады [Йорулмаз, Тоқжигитова, 2025]. К.К. Сарсембина мен М.М. Қозыбаева гендерлік тәсілді қолданып, қуғын-сүргін жылдарындағы әйелдердің тағдырын зерттеді [Сарсембина, Қозыбаева, 2023]. Ю.В. Шаповал құқықтық талдау арқылы діни қызметкерлердің «лишенец» мәртебесінен «контрреволюциялық ұйымдарға қатысушы» мәртебесіне дейінгі жолын көрсетті [Шаповал, 2022].

Алайда, пәнаралық зерттеулердің теріс нәтижелері де кездеседі. Бірінші қауіп – әдістердің механикалық көшірілуі. Кеңес тарихнамасында экономикалық детерминизмді абсолюттандыра отырып тарихи процестердің күрделілігін қарапайымдастырды [Дахшлейгер, 1966: 14]. Екінші қауіп – терминологиялық шатасулар. «Бай», «кулак», «лишенец» терминдері кеңестік заңнамада нақты анықталмай, саяси мақсаттарға қарай өзгертіліп отырды [РМЭСТА. 17-қ. 3-т. 1045-іс. 156-п.]. Үшінші қауіп – деректердің ерекшеліктерін ескермеу. Көшпенді қоғамның демографиялық көрсеткіштерін есептеуде отырықшы қоғамға арналған әдістемелерді қолдану қателіктерге әкеледі.

Қазақстанда 1930–1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарының нақты санын анықтау үшін демографиялық, географиялық, этнографиялық әдістерді біріктіру қажет. Қазақтардың көшпенді өмір салты, отбасының орташа құрамы, маусымдық көші-қон бағыттары – осылардың барлығы есептеулерге әсер етеді. Сондықтан «Кіші Қазан» кезеңін толық зерттеу тек тарихшылардың ғана емес, заңгерлердің, демографтардың, этнографтардың бірлескен жұмысын талап етеді.

Тарихи талдау нәтижесінде «Кіші Қазан» саясатының жүзеге асу кезеңдері мен негізгі бағыттары жүйеленді. Демографиялық көрсеткіштер халық санының күрт азаюын және көші-қон үдерістерінің күшеюін айқындады. Әлеуметтанулық тұрғыдан қоғамның әлеуметтік құрылымында түбегейлі өзгерістер болғаны анықталды. Нарративтік деректер тарихи жады мен ұлттық бірегейлік трансформациясының күрделі сипатын көрсетті.

Осылайша, пәнаралық әдіснаманы қолдану «Кіші Қазан» феноменін кешенді тарихи құбылыс ретінде түсіндіруге мүмкіндік беретіні ғылыми тұрғыда негізделді.

**Қорытынды.** Жүргізілген зерттеу «Қазақстандағы Кіші Қазан» саясатын зерделеуде пәнаралық тәсілді қолданудың әдіснамалық тұрғыдан негізді әрі ғылыми тұрғыда тиімді екенін көрсетті. «Кіші Қазан» құбылысы кеңестік модернизациялық саясаттың бір бағыты ретінде ғана емес, қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын, шаруашылық жүйесін, демографиялық ахуалын және рухани-мәдени кеңістігін түбегейлі өзгерткен кешенді тарихи феномен екені анықталды.

Зерттеу нәтижелері «Кіші Қазан» саясатының Филипп Голощекин бастамасымен жүзеге асырылған әкімшілік шаралар шеңберінен әлдеқайда кең әлеуметтік салдарға ие болғанын

дәлелдейді. Тарихи талдау оның саяси мазмұнын айқындаса, демографиялық және әлеуметтанулық әдістер қоғамдағы құрылымдық өзгерістерді, халық саны динамикасын және әлеуметтік стратификация трансформациясын нақты көрсетті. Нарративтік талдау тарихи жады мен ұлттық бірегейліктің қалыптасуындағы бұл кезеңнің орны ерекше екенін айқындады.

Пәнаралық тәсілді қолдану зерттеудің объективтілігі мен кешенділігін арттыруға мүмкіндік берді. Жүйелілік, тарихилық, дереккөздерді сыни талдау және көпфакторлы түсіндіру принциптері «Кіші Қазан» саясатын біржақты бағалаудан арылып, оны кең тарихи контексте қарастыруға жағдай жасайды.

Осылайша, пәнаралық әдіснаманы қолдану «Кіші Қазан» феноменін терең әрі жан-жақты түсіндіруге мүмкіндік береді және болашақта кеңестік кезең тарихын, ұжымдық жады мен ұлттық бірегейлік мәселелерін зерттеуде әдіснамалық негіз бола алады.

«Қазақстандағы Кіші Қазан» (1926–1940 жж.) кезеңін зерттеу тек тарих ғылымының әдістерімен шектелмей, құқық, әлеуметтану, демография, антропология салаларының тәсілдерін біріктіруді талап етеді. Зерттеу барысында пәнаралық тәсілді қолданудың әдіснамалық негіздері анықталып, оның «Кіші Қазан» тақырыбына қатысты тиімділігі дәлелденді.

Зерттеудің бірінші нәтижесі – әдіс пен әдістеменің үйлесімділік мәселесі шешілді. Кеңес кезеңіндегі тарихи материализмнің догматикалық қолданылуы объективті зерттеулерге кедергі болғаны анықталды. Г.Ф. Дахшлейгердің отырықшыландыруды «прогрессивті құбылыс» деп бағалауы осының айқын мысалы. Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана Т. Омарбеков, Е. Куандық, М. Қойгелдиев еңбектерінде әдіснамалық плюрализм принципі қолданыла бастады.

Зерттеудің екінші нәтижесі – басқа әлеуметтік ғылымдар әдістерін қолданудың бес критерийі белгіленді: эмпирикалық материалға сәйкестік, репрезентативтілік, верификациялау мүмкіндігі, тарихи контекстке сәйкестік, әдістердің бір-бірін толықтыруы. Бұл критерийлерді сақтау К. Балтабаева, Г.К. Муканова, О. Йорулмаз бен М. Тоқжігітова, К.К. Сарсембина мен М.М. Қозыбаева зерттеулерінде өз тиімділігін көрсетті.

Зерттеудің үшінші нәтижесі – пәнаралық тәсілдің оң жақтары теріс салдарларынан басым екендігі дәлелденді. Құқықтық талдау қуғын-сүргін құрбандарының заңсыз жауапқа тартылғанын анықтауға мүмкіндік берді. Демографиялық әдістер ашаршылық құрбандарының санын нақтылауға бағытталды. Гендерлік тәсіл әйелдер тағдырының ерекшеліктерін ашты. Алайда, әдістерді механикалық көшіру, терминологиялық шатасулар сияқты қауіптерден сақтану қажет.

Болашақта «Кіші Қазан» зерттеулерін тереңдету үшін бірнеше бағытта жұмыс жүргізу ұсынылады: құрбандардың нақты санын демографиялық әдістермен анықтау, репрессиялардың ұрпақтар арасындағы психологиялық салдарын зерттеу, өңірлік ерекшеліктерді салыстырмалы талдау. Пәнаралық тәсіл отандық тарих ғылымының әлемдік деңгейге шығуының маңызды шарты болып табылады.

#### Дереккөздер

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві  
ҚР ПА – Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві  
РМӘСТА – Ресей Мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архиві

#### Әдебиеттер

Абайдельдинов, 2002 – *Абайдельдинов Е.М.* Соотношение международного и национального права Республики Казахстан (проблемы становления приоритетности). Алматы: Юридическая литература, 2002. 272 с.

«Адал азамат», 2025 – *«Адал азамат»* Мемлекеттік бағдарламасы туралы. ҚР Президентінің 2025 жылғы 15 сәуірдегі № 512 Жарлығы.

Айтхожин, Бейсенбаева, 2025 – *Айтхожин К.К., Бейсенбаева М.Т.* Реабилитация жертв политических репрессий в Казахстане: правовые вызовы и историческая справедливость // Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Юриспруденция». 2025. № 1 (79). С. 11–25.

Baltabaeva, 2025 – *Baltabaeva K.* Klassenkampf gegen Geistliche Sowjetische Islampolitik in Kasachstan 1920–1940 [Class Struggle against the Clergy: Soviet Policy towards Islam in Kazakhstan 1920–1940] // OSTEUROPA. 2025. № 4. Pp. 175–194 [In German].

Блок М., 1973 – *Блок М.* Апология истории, или Ремесло историка. М.: Наука, 1973. 232 с.

Борчашвили, 2015 – *Борчашвили И.Ш.* Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Особенная часть. Т. 2. Алматы: Жеті Жарғы, 2015. 1120 с.

Бурке, 2020 – *Бурке П.* История и социальная теория. М.: Университетская книга, 2020. 384 с.

- Голощекин, 1930 – Голощекин Ф.И. Материалы VII Всеказахской конференции // Советская степь. 1930. № 124. 7 июня.
- Дахшлейгер, 1966 – Дахшлейгер Г.Ф. Из опыта истории оседания казахских кочевых и полукочевых хозяйств (до массовой коллективизации сельского хозяйства) // Этнографическое обозрение. 1966. № 4. С. 3–23.
- Дулатова, 1995 – Дулатова Г. Шындық шырағы (бірінші кітап). Алматы: Мектеп, 1995. 225 б.
- Касымов, 2021 – Касымов С.А. Независимые государства реабилитируют своих кахарманов // E-history. 2021. 9 ноября. URL: <https://e-history.kz/ru/news/show/33192>
- Куандык, 2002 – Куандык Е.С. Курс «Малого Октября» в Казахстане: начало, ход и последствия (историко-политический анализ). Дисс. ... докт. ист. н. Алматы, 2002. 554 с.
- Қойгелдиев, 2023 – Қойгелдиев М.Қ. Қазақстан тарихнамасының қазіргі жағдайы және даму болашағы. Алматы: Қазақ университеті, 2023. 245 б.
- Материалы Государственной комиссии..., 2022 – Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20–50 годы XX века). Т. 1 / Под ред. Е.Т. Карина. Нур-Султан, 2022. 622 с.
- Муканова, 2025 – Муканова Г.К. Прерванный намаз. История репрессий мулл, ишанов, хазретов и казиев в рамках «Малого Октября» в Казахстане (1920–1950 гг.) // Отан тарихы. 2025. № 1(28). С. 76–90.
- Nikolova, Popova, Otrachshenko, 2022 – Nikolova M., Popova O., Otrachshenko V. Stalin and the origins of mistrust. *Journal of Public Economics*. 2022. 208, 104629. URL: <https://doi.org/10.1016/j.jpubeco.2022.104629>
- Омарбеков, 1995 – Омарбеков Т. «Кіші Қазан». Ол не? // Ақиқат. 1995. № 3. 35–39 б.
- Репина, 2011 – Репина Л.П. Историческая наука на рубеже XX-XXI вв.: социальные теории и историографическая практика. М.: Кругъ, 2011. 560 с.
- Сарсембина, Козыбаева, 2023 – Сарсембина К.К., Козыбаева М.М. Саяси қуғын-сүргін жылдарындағы қазақстандық әйелдер тағдыры (1920-1950 жж.) // Asian Journal "Steppe Panorama". 2023. № 10 (4). Pp. 802–814.
- Февр, 1991 – Февр Л. Бои за историю. М.: Наука, 1991. 629 с.
- Шановал, 2022 – Шановал Ю.В. Борьба советской власти с мусульманским духовенством в Северном Казахстане в 20-30-е годы XX века: от статуса «лишенцев» до «участников контрреволюционных организаций» // Аль-Фараби. 2022. № 1 (77). С. 153–168.

#### Sources

- KR OMA – Kazakstan Respublikasy Ortalyk memleketтик arkhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]
- KR PM – Kazakstan Respublikasy Prezidentining Arkhivi [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]
- RMASTA – Resej Memleketтик Aleumettik-Sayasi Tarih Arkhivi [Russian State Archive of Socio-Political History]

#### References

- Abajdel'dinov, 2002 – Abajdel'dinov E.M. Sootnoshenie mezhdunarodnogo i natsional'nogo prava Respubliki Kazakhstan (problemy stanovleniya prioritetnosti) [Correlation of international and national law of the Republic of Kazakhstan (problems of priority formation)]. Almaty, 2002. 272 p. [in Russian]
- «Adal azamat», 2025 – «Adal azamat» State Program. Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated April 15, 2025. № 512. [in Kazakh]
- Ajthozhin, Bejsenbaeva, 2025 – Ajthozhin K.K., Bejsenbaeva M.T. Reabilitatsiya zhertv politicheskikh repressii v Kazakhstane: pravovye vyzovy i istoricheskaya spravedlivost' [Rehabilitation of victims of political repression in Kazakhstan: legal challenges and historical justice]. *Bulletin of Abai KazNPU. Series "Jurisprudence"*. 2025. № 1(79). Pp. 11–25. [in Russian]
- Baltabaeva, 2025 – Baltabaeva K. Klassenkampf gegen Geistliche Sowjetische Islampolitik in Kasachstan 1920–1940 [Class Struggle against the Clergy: Soviet Policy towards Islam in Kazakhstan 1920–1940]. *Osteuropa*. 2025. № 4. Pp. 175–194 [In German]
- Blok, 1973 – Blok M. Apologiya istorii, ili Remeslo istorika [The Historian's Craft]. Moscow, 232 p. [in Russian]
- Borchashvili, 2015 – Borchashvili I.Sh. Kommentarii k Ugolovnomu kodeksu Respubliki Kazakhstan. Osobennaya chast'. Т. 2 [Commentary to the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan. Special Part. Vol. 2]. Almaty, 1120 p. [in Russian]
- Burke, 2020 – Burke P. Istoriya i sotsial'naya teoriya [History and Social Theory]. Moscow, 384 p. [in Russian]
- Dahshlejger, 1966 – Dahshlejger G.F. Iz opyta istorii osedaniya kazakhskikh kochevykh i polukochevykh khozyaistv [From the experience of the settling history of Kazakh nomadic and semi-nomadic farms]. *Etnograficheskoe obozrenie*. 1966. № 4. Pp. 3–23. [in Russian]
- Dulatova, 1995 – Dulatova G. Shyndyq shyraghy [The Candle of Truth]. (1st book). Almaty: Mektep. 225 p. [in Kazakh]
- Fevr, 1991 – Fevr L. Boi za istoriyu [Fights for History]. Moscow, 629 p. [in Russian]
- Goloshchekin, 1930 – Goloshchekin F.I. Materialy VII Vsekazakhskoi konferentsii [Materials of the VII All-Kazakh Conference]. *Sovetskaya step'*. 1930. June 7. № 124. [in Russian]

- Kasymov, 2021 – *Kasymov S.A.* Nezavisimye gosudarstva reabilitiruyut svoikh kakharmanov [Independent states rehabilitate their heroes]. *E-history*. 2021. November 9. URL: <https://e-history.kz/ru/news/show/33192> [in Russian]
- Kojgeldiev, 2023 – *Kojgeldiev M.K.* Qazaqstan tarikhnamasynyng qazirgi zhaghдайы zhane damu bolashaghy [Current state and prospects for the development of historiography of Kazakhstan]. Almaty, 245 p. [in Kazakh]
- Kuandyk, 2002 – *Kuandyk E.S.* Kurs "Malogo Oktyabrya" v Kazakhstane: nachalo, khod i posledstviya [istoriko-politicheskii analiz] [The course of "Small October" in Kazakhstan: the beginning, course and consequences [historical and political analysis]]. Almaty. 554 p. [in Russian]
- Materialy Gosudarstvennoj komissii..., 2022 – *Materialy Gosudarstvennoj komissii po polnoi reabilitatsii zhertv politicheskikh repressii (20-50 gody XX veka)* [Materials of the State Commission for the Full Rehabilitation of Victims of Political Repression (1920s-1950s)]. Ed. by E.T. Karin. Nur-Sultan, 2022. Vol. 1. 622 p. [in Russian]
- Mukanova, 2025 – *Mukanova G.K.* Prervannyi namaz. Istoriya repressii mull, ishanov, khazretov i kaziev v ramkakh "Malogo Oktyabrya" v Kazakhstane (1920–1950 gg.) [Interrupted prayer. The history of the repression of mullahs, ishans, khazrets and kazis in the framework of the "Small October" in Kazakhstan (1920-1950)]. *Otan tarikhy*. 2025. № 1(28). Pp. 76–90. [in Russian]
- Nikolova, Popova, Otrachshenko, 2022 - *Nikolova M., Popova O., Otrachshenko V.* Stalin and the origins of mistrust. *Journal of Public Economics*. 2022. 208, 104629. URL: <https://doi.org/10.1016/j.jpubeco.2022.104629>
- Omarbekov, 1995 – *Omarbekov, T.* "Kishi Qazan". Ol ne? ["Small October". What is it?]. *Aqiqat*. 1995. № 3. Pp. 35–39. [in Kazakh]
- Repina, 2011 – *Repina L.P.* Istoricheskaya nauka na rubezhe XX–XXI vv.: sotsial'nye teorii i istoriograficheskaya praktika [Historical science at the turn of the XX–XXI centuries: social theories and historiographical practice]. Moscow, 2011. 560 p. [in Russian]
- Sarsembina, Kozybaeva, 2023 – *Sarsembina K.K., Kozybaeva M.M.* Sayasi qughyn-surgin zhyldaryndaghy qazaqst andyq aielder taghdyry (1920-1950 zhzh.) [The fate of Kazakhstani women during the years of political repression (1920-1950)]. *Asian Journal "Steppe Panorama"*. 2023. № 10(4). Pp. 802–814. [in Kazakh]
- Shapoval, 2022 – *Shapoval Yu.V.* Bor'ba sovetskoi vlasti s musul'manskim dukhovenstvom v Severnom Kazakhstane v 20–30-e gody XX veka: ot statusa "lishentsev" do "uchastnikov kontrevolyutsionnykh organizatsii" [The struggle of the Soviet government against the Muslim clergy in Northern Kazakhstan in the 1920s–1930s: from the status of "disenfranchised" to "participants in counter-revolutionary organizations"]. *Al-Farabi*. 2022. № 1(77). Pp. 153–168. [in Russian]

**МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT**  
**ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 1**

<b>Касымова Д.Б., Капаева А.Т., Кудайбергеноулы Б.</b> О «ФЕОДАЛЬНО-БАЙСКИХ ПЕРЕЖИТКАХ» В КАЗАХСКОЙ ССР: ДИСКУРС, ПРАВО И ПРАКТИКИ.....	5
<b>Козина В.В., Уалтаева А.С., Баймагамбетова А.А.</b> СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ МОНОГОРОДОВ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	22
<b>Мамраймов С.</b> КЕҢЕСТІК АГРАРЛЫҚ САЯСАТ АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ МЕН БАЙ-ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫ ТӨРКІЛЕУ (1928–1933 жж.).....	40
<b>Turgunbayev I.Ye., Moryakova M.T., Zhanatayeva K.B.</b> VILLAGE INSTITUTES IN TÜRKIYE AS AN INSTRUMENT OF CULTURAL POLICY.....	54
<b>Sissenbayeva A.A., Kalybekova M.Ch.</b> THEORETICAL AND SOURCE BASE FOR THE STUDY OF HISTORY OF KAZAKHSTANI PRISONERS OF WAR IN CONCENTRATION CAMPS ON THE TERRITORY POLAND DURING THE WORLD WAR II.....	66
<b>Жолдасұлы Т., Досым А.Б.</b> ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ИСЛАМНАН ӨЗГЕ ДІНИ ҰЙЫМДАР: СОВЕТТІК КЕЗЕҢ ТӘЖІРИБЕСІ (1960–1980 ЖЖ.).....	77
<b>Zhumatay G., Yskak A.</b> TSARIST RUSSIA’S CIVILIZING MISSION AND POLICY OF CHRISTIANIZATION OF THE KAZAKHS IN THE SECOND HALF OF THE 19 <sup>th</sup> AND BEGINNING OF THE 20 <sup>th</sup> CENTURIES.....	91
<b>Zholseitova M.A.</b> SOCIO-POLITICAL TRANSFORMATION OF THE TURKIC-MUSLIM SOCIETY IN THE INTELLECTUAL HERITAGE OF THE ALASH MOVEMENT.....	107
<b>Сабитов Ж.М., Каратаев А.А.</b> О ПРОИСХОЖДЕНИИ И ИСТОРИИ ПЛЕМЕНИ АРГЫН.....	118
<b>Бимақанова З.Ш., Мұқанова Г.Қ., Нұрғалиева Ф.М.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «КІШІ ҚАЗАН» ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ.....	132
<b>Ахметова Г.М.</b> ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КАЗАХСТАНА В XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКА: ОТЕЧЕСТВЕННАЯ И ЗАРУБЕЖНАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ.....	142

<b>Ермаханова М.А., Абдразақова А.Ө., Айтуар Б.М.</b> АҢЫЗ ЖӘНЕ ШЫНДЫҚ: ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТИҢ ТҮЛҒАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	161
<b>Махамбетова Л.А., Мейрманова Г.А.</b> У.Х. ШӘЛЕКЕНОВТИҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚТАР МЕН ҚАРАҚАЛПАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІ.....	174
<b>Байжанова А.Ә., Шашаев Ә.Қ., Әділбекова З.Ә.</b> XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	185
<b>Ошан Ж., Кенжеахмет Н., Қадылбек М.</b> «ИМПЕРАТОР ГУАНСЮЙ БИЛІГІ ТҰСЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК-БАТЫС ШЕКАРА ДЕЛИМИТАЦИЯЛЫҚ КАРТАСЫНЫҢ ҚЫТАЙША АУДАРМАСЫНДА» КӨРСЕТІЛГЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС ШЕКАРАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХИ ТОПОНИМИКАЛАР.....	199
<b>Zholdas A.K., Amirbek A.A., Kumganbayev Zh. K.</b> THE ROLE OF HISTORY TEACHING IN FORMING THE KAZAKH INTELLIGENTSIA (1918–1927 YEARS).....	210
<b>Саркенова К.А., Әбенова Б.С.</b> БАТЫС СІБІР: ӘКІМШІЛІК-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ БӨЛІНІСІ, ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОРНАЛАСУЫ (XVIII Ғ. СОҢЫ – XIX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ).....	219
<b>Mirzakulova R.M., Alpysbayeva N.K.</b> SCHOLARS’ PERSONAL FUNDS IN THE SCIENTIFIC ARCHIVE OF “GYLYM ORDASY” AS A PHENOMENON OF HISTORICAL MEMORY.....	234
<b>Абдукадыров Н.М., Қалдыбаева С.С., Көбесова А.С.</b> ОСМАН МЕМЛЕКЕТІ МЕН ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫ АРАСЫНДА ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ (XIX Ғ. СОҢЫ – XX Ғ. БАСЫ).....	249
<b>Ауанасова К.М., Ауанасова А.М., Бадиев А.М.</b> ВКЛАД СЕРАЛИ ЛАПИНА В ПРАВОВОЙ МОДЕРНИЗМ В ПЕРВЫЕ ГОДЫ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ (НА ОСНОВЕ АНАЛИЗА ЗАПАДНОЙ И РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ).....	266
<b>Akhmetova Zh.K., Abdrazakova A.U.</b> THE KAZAKHSTANI VARIANT OF THE SOVIET NATION-BUILDING PROJECT IN THE CONTEXT OF IMPERIAL LEGACY AND SOCIALIST MODERNIZATION (1920–1940).....	276
<b>Azretbergenova E.Zh., Baigarayev N.A.</b> ISSUES OF CULTURAL POLICY AND NATIONAL IDENTITY IN THE PERIOD BETWEEN THE KAZAKH AUTONOMOUS SOVIET SOCIALIST REPUBLIC AND THE KAZAKH SOVIET SOCIALIST REPUBLIC.....	288

<b>Дюсенова Н.К.</b> ТҮРІК ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ.....	303
<b>Есенаманова А.С., Қалыш А.Б., Исаева А.И.</b> ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КІЛЕМ ТОҚУ ДӘСТҮРІН ЗЕРТТЕУ ТАРИХНАМАСЫ: ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МУЗЕЙЛІК ТҮРҒЫДАН ШОЛУ.....	312
<b>Сарсенбаев А.Б., Оспанов Е.Б.</b> ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....	325
<b>Турекеев К.Ж.</b> НАРЕЧЕНИЕ ИМЕНИ У КАРАКАЛПАКОВ НАВОЙСКОЙ И САМАРКАНДСКОЙ ОБЛАСТЕЙ: ТРАДИЦИИ И СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ.....	333
<b>Шамшетдинова Д.И.</b> УСПЕХИ И НЕДОСТАТКИ РАЗВИТИЯ СФЕРЫ БЫТОВОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ КАРАКАЛПАКСТАНА В 1960–80-Е ГГ.....	343
<b>Мұхатова О.Х., Қаипбаева А.Т., Саипова К.Д.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАНАСЫЗ БАЛАЛАР ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	353
<b>Қабдолдина К.Қ., Құндақбаева Ж.Б.</b> ДІНИ ПАРЫЗ БЕН ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПТЕР АРАСЫНДА: XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗЫЛЫҚҚА САНИТАРЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ.....	367
<b>Қалишабаев А.Ж., Елеуов М.Е.</b> Т.Н. СЕНИГОВА: БАТЫС ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭКСПЕДИЦИЯЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ (1950–1970 ЖЫЛДАР).....	378
<b>Кенжебаев Ф.Қ. Сайфулмаликова С.С.</b> БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ: ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫНА ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	387
<b>Темирханова А.С., Альбина Абеновна Максүтова А.М., Исакаева А.М.</b> ҚАСЫМ ЕРТІСБАЕВ ТҮЛҒАСЫ XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ДІНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР КОНТЕКСІНДЕ.....	400
<b>Мухамадеева И.А., Кенжебек Д.К., Жаксыбаева А.А.</b> ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА «КАЗАХ» (1913–1918 ГГ.) КАК ОДИН ИЗ ИСТОЧНИКОВ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ.....	410



Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты  
Алматы қ., Шевченко көш., 28  
Тел/факс: +7 727 261 67 19  
e-mail: kazhistory@bk.ru

---